

"Jibek Joly" арнайы экономикалық аймағының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 28 қазандағы № 713 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 29 тамыздағы № 707 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Jibek Joly" арнайы экономикалық аймағының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 28 қазандағы № 713 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Jibek Joly" арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Jibek Joly" арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі – АЭА) Жамбыл облысы Шу ауданының аумағында қоса беріліп отырған жоспарға сәйкес шекараларда орналасқан.

АЭА аумағы 905 гектарды құрайды және Қазақстан Республикасы аумағының ажырамас бөлігі болып табылады.";

"Jibek Joly" арнайы экономикалық аймағы шекараларының жоспары осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген "Jibek Joly" арнайы экономикалық аймағының нысаналы индикаторлары осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 29 тамыздағы
№ 707 қаулысына
1-қосымша
"Jibek Joly" арнайы
экономикалық аймағы
туралы ережеге
қосымша

"Jibek Joly" арнайы экономикалық аймағы шекараларының жоспары



"Jibek Joly" арнайы экономикалық аймағының аумағы, S = 905 гектар.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 29 тамыздағы
№ 707 қаулысына
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 28 қазандағы
№ 713 қаулысымен
бекітілген

"Jibek Joly" арнайы экономикалық аймағының нысаналы индикаторлары

Р/с №	Мақсаттары , міндеттері және көрсеткіштері (атауы)	Өлшем бірлігі	Базалық кезең (2019) *	Нысаналы индикатор			
				2022 жылға қарай жетіс тік	2027 жылға қарай жетіс тік	2032 жылға қарай жетіс тік	2037 жылға қарай жетіс тік
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Инвестиция ның жалпы көлемі, оның ішінде :	млрд теңге	28,4*	200	430	590	690

1)	шетелдік инвестиция көлемі	млрд теңге		40	190	280	370
2)	отандық инвестиция көлемі	млрд теңге	28,4*	160	240	310	320
2	А Э А аумағында тауарлар м е н көрсетілетін қызметтер (жұмыстар) өндірісінің көлемі	млрд теңге	1	3	290	2400	3700
1	2	3	4	5	6	7	8
3	Өңір экономикас ының шикізаттық е м е с секторлары н а инвестиция ның жыл сайынғы өсімі (өңдеуші өнеркәсіп)	%		40 %	100 %	150 %	165 %
4	Қатысушыл ар саны	бірл.	7	10	24	25	28
5	А Э А аумағында құрылатын жұмыс орнының саны	жұмыс орны	115	1104	1800	2100	2600
6	А Э А аумағындағ ы өндірістің жалпы көлеміндегі қазақстанды қ қамту үлесі	%		50 %	65 %	75 %	85 %
7	А Э А аумағындағ ы өндірістің жалпы көлеміндегі	%		10 %	20 %		30 %

	өнім экспортыны ң үлесі					25 %	
8	Еңбек өнімділігін арттыру	есе		1,5	2	2,1	2,2

Ескертпе:

* - АЭА-ға қазіргі қатысушылардың іс жүзінде салған инвестициясы.

Индикаторлар көрсеткіштері өсу қорытындысымен келтірілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК